

2022 жылдың мамыр айының 3-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Мамыр айының үшінші онкүндігінде орын алған метеорологиялық жағдайлар жаздық дәнді дақылдардың өсіп өнуіне қолайлы, нормадан жоғары жауын-шашын еліміздің батысында және оңтүстігінде жауған, қалған аймақтарда нормаға жуық және нормадан төмен болған.

Солтүстік өңірлерде, Ақтөбе облысында, еліміздің шығысы мен орталығында топырақты алдын ала өндегеннен және арам шөптер мен тұқымдықтарды улағаннан кейін жаздық дәнді дақылдарды себу науқаны жалғасуда. Батыс Қазақстан облысында жаздық бидайды себу аяқталуда, өсімдіктердің жағдайы барлық жерде жақсы.

Оңтүстік облыстарда жаздық арпаның жағдайы жақсы, даму фазасы «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы» - «дәннің сүттенуі», Алматы облысының кеш себілген егістерінде «астықтың өнуі» - «түйін тамырының пайда болуы».

Алматы облысы Кербұлақ ауданы Қоғалы станциясының маңайындағы бақылау учаскелерінде жаздық бидай мен арпа себу жұмыстары жалғасуда.

Еліміздің оңтүстігінде күздік бидайдың өсуі мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар орын алған, жауын-шашын топырақ ылғал қорын жақсартқан. Даму фазасы «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы» - «дәннің сүттенуі», кейбір жерлерде «дәннің уыздануы». Жылу сүйгіш дақылдарды (күріш, соя, қант қызылшасы, мақта) себу аяқталды, жеке учаскелерде дәндік жүгері егу жалғасуда. Қатар аралық өңдеуге, азотты тыңайтқыштарды енгізуге, вегетациялық суаруға, күріш алқаптарына су жіберуге және суды ағызуға кіріскен.

Алматы, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Қарағанды облыстарында картоп отырғызуға, Қостанай, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында күнбағыс себу жалғасуда.

Батыс Қазақстан облысында сафлор себу аяқталған, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында майлы зығыр себу жалғасуда, Жамбыл облысында қырыққабат көшеттерін отырғызу және пияз суару жұмыстары жалғасуда.

Елдің оңтүстігінде жоңышқа шөптерін 1-ші шабуға және өсімдіктерді вегетациялық суаруға кіріскен.

Жайылымдық мал шаруашылығы аймағының басым бөлігінде жайылымдық өсімдіктердің өсуі мен дамуы және ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу үшін ауа райы қолайлы болған, мал жаю барлық жерде жүргізілген. Қой қырку және шомылдыру, алыс жайылымдарға мал айдау және ветеринарлық іс-шаралар жалғасуда.

Шабындықтардың жағдайы көбінесе жақсы, өте жақсы Ақтөбе облысының Ырғыз ө ауданында, Алматы облысының Еңбекшіқазақ және Балқаш аудандарында, Қарағанды облысының Шет ауданында, Түркістан облысының Созақ жауданында, Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданында және Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында байқалған.

Жайылымдар әлсіз және бірқалыпты оталған. Оталмаған жайылымдар Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында, Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында, Қарағанды облысының Шет ауданында, Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында.

Жайылымдық мал шаруашылығының барлық аумағында шымның ылғалды, кей жерлерде құрғақ жай-күйі байқалған.

Мамыр айының үшінші онкүндігінде Алматы және Жамбыл облыстарының бақылау учаскелерінде топырақтың метрлік қабатындағы өнімді ылғал қоры оңтайлы, Батыс Қазақстан облысында оңтайлыдан жеткіліксізге дейін, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында қанағаттанушылықтан жеткіліксізге дейін, Қызылорда облысында жеткіліксіз және елдің қалған аумақтарында ылғалдануының қанағаттанарлық жағдайлары қалыптасқан.